

«BASEL» Сақтандыру компаниясы АҚ
Директорлар кенесінің шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
«08» маусым 2023 жылғы
№ 23/23 отырыс хаттамасы

**«BASEL» сақтандыру компаниясы» АҚ ауыру жағдайына
ерікті сақтандыру**

ережелері

Алматы, 2023 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Анықтамалар
2. Сақтандыру объектісі
3. Сақтандырылуышы тұлғалар
4. Сақтандыру сомасы. Сақтандыру сомаларын айқындау тәртібі
5. Медициналық көрсетілімдер
6. Сақтандыру жағдайы
7. Сақтандыруға жатпайтын жағдайлар және сақтандыруды шектеу
8. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу мөлшері, тәртібі және мерзімдері
9. Сақтандыру шарты: қолданылу мерзімі мен орны, жасасу тәртібі, тоқтату шарттары
10. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
11. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңіндегі сақтандыру тәуекелінің артуының салдары
12. Сақтандырылуышыларды ауыстыру / көбейту/алып тастау
13. Сақтандырылуышының сақтандыру жағдайы басталған кездегі әрекеті
14. Медициналық қызметтер көрсету және медициналық шығыстарды төлеу тәртібі
15. Сақтандыру жағдайының басталуын және шығындардың мөлшерінрастайтын құжаттар тізімі
16. Сақтандыру төлемі. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау тәртібі, шарттары мен мерзімдері.
17. Қосымша талаптар
18. Дауларды шешу тәртібі

Осы ауыру жағдайына ерікті сақтандыру Ережелерінің (бұдан әрі – Сақтандыру ережелері) талаптарына сәйкес «BASEL» Сақтандыру компанияның АҚ жеке және занды тұлғалармен ауыру жағдайына ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасайды.

1 АНЫҚТАМАЛАР

- 1.1. Сақтандыруши – «BASEL» Сақтандыру компаниясы АҚ.
- 1.2. Сақтанушы – Сақтандырушымен аурған жағдайдан ерікті сақтандыру шартын жасасқан жеке тұлға.
- 1.3. Сақтандырылған тұлға (Сақтандырылуши, Пайда алушы) – өзінің пайдасына келісім жасалынған және Медициналық қызметтер тікелей көрсетілген тұлға.
- 1.4. Медициналық қызмет көрсетеу - Сақтандыру бағдарламасына сәйкес Медициналық қызмет көрсетушілердің Сақтандырылушиға медициналық қызмет көрсетуді үйымдастыру, медициналық қызмет көрсетеу немесе фармацевтикалық препараттарды сату жөніндегі қызметтер.
- 1.5. Дәрігер – жеке медициналық практикамен айналысуға лицензиясы бар немесе Медициналық қызмет көрсетушімен жұмыс жасайтын жоғары медициналық білімі бар маман.
- 1.6. Сақтандыру шарты – Сақтанушы мен Сақтандыруши арасында Сақтандырылушиның (-лардың) деңсаулығын сақтандыруға байланысты ауыру жағдайына ерікті сақтандыру шарты.
- 1.7. Сақтандыру бағдарламасы – сақтандыру жағдайының негізгі белгілерін және сақтандыру сомаларын (сақтандыру лимиттерін) анықтайтын таңдалған сақтандыру төлемінің сипаттамасы, тұтастай алғанда сақтандыру шарты бойынша, сондай-ақ қызметтердің немесе аурулардың жекелеген түрлері бойынша. Бағдарламалардың талаптары сақтандыру шартында көзделеді.
- 1.8. Сақтандыру сыйлықақысы – Сақтанушының Сақтандырушуға, соңғысы Пайда алушыға сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.
- 1.9. Медициналық қызмет көрсетушілер - Сақтандыру шартында көрсетілген Сақтандырылған тұлғаларға медициналық қызмет көрсетуге Сақтандырушуның өкілімен (Ассистанспен) ынтымақтастық туралы шарт жасасқан медициналық мекемелер.
- 1.10. Үәкілетті медициналық қызмет көрсетушілер де сақтандыру шарты бойынша Пайда алушылар болып табылады.
- 1.11. Медициналық пластикалық карточка / Сақтандыру шартынан немесе сақтандыру полисінен белгіленген үлгідегі электрондық үзінді - Сақтандыруши Сақтандырылған тұлғаға (Сақтанушыға) Сақтанушының сәйкестендіру нөмірі, тегі, аты және әкесінің аты, сақтандыру қорғаудың басталу және аяқталу күні, сондай-ақ Сақтандыруши өкілінің (Ассистанстың) CALL-орталығының телефондары көрсетілген сақтандыру шартына сәйкес берілетін Сақтандыру шартынан немесе сақтандыру полисінен белгіленген үлгідегі медициналық пластикалық карточка/электрондық үзінді көшірме, олар Сақтандырылған тұлғаның уәкілетті медициналық қызмет көрсетушілер тарапынан медициналық қызмет алу құқығын растайды және/немесе Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру бағдарламасына сәйкес медициналық шығындарды өтейді. Сақтандыру шартынан белгіленген үлгідегі медициналық пластикалық карточка/электрондық үзінді көшірме Сақтандырылған тұлғаның жеке күелігін көрсеткен кезде ғана жарамды.
- 1.12. Ауру - осы Сақтандыру Ережелерінде, Сақтандыру шартында және Сақтандырылған тұлғаны сақтандырудың тиісті бағдарламасында көзделген

- анықтамалар мен ерекшеліктерді ескере отырып, Сақтандыру шартының қолданысы ішінде Сақтандырылған тұлғаның денсаулық жағдайындағы кез келген анықталатын теріс өзгеріс.
- 1.13. Созылмалы ауру – Сақтандырылған тұлғаның денсаулығының төмендегі белгілердің біреуіне ие келеңсіз өзгерісі:
- 1) тұрақты боладыжәне / немесе тұрақты диагноз қойылады;
 - 2) жартылай енбекке жарамсыздыққа әкеледі;
 - 3) себебі - қайтымсыз патологиялық өзгерістер;
 - 4) оңалту үшін пациенттердің арнайы режимін талап етеді;
 - 5) емдеу хаттамасына сәйкес ұзақ қадағалау, бақылау немесе күтім қажет болады деп қүтіледі.
- 1.14. Сақтандыру төлемі – Шартта және тиісті Сақтандыру бағдарламасында көзделген сақтандыру төлемін жүзеге асыру шарттары (оның ішінде сақтандыру сомасы - медициналық қызмет көрсетудің барлық және жекелеген түрлері бойынша, франшизалар – егер қолданылса, және т.б.).
- 1.15. Сақтандыру сомасы (сақтандыру лимиті) – сақтандыру жағдайы немесе Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес бірнеше сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жаупкершілігінің шекті қөлемі.
- 1.16. Отбасы мүшелері – Сақтанушының тікелей туыстары: егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, 65 жасқа дейінгі жұбайы (зайыбы) және 18 жасқа дейінгі балалары.
- 1.17. Дәрігердің жолдамасы - Сақтандырылуышыға медициналық қызметтер көрсетудің Тізбесін, қөлемін және тәртібін айқындайтын дәрігер немесе үйлестіруші дәрігер, Сақтандырушының уәкілетті өкілі (Ассистанс) беретін белгіленген үлгідегі құжат;
- 1.18. Ассистанс (медициналық қызмет көрсету компаниясы) – Сақтандырушының өкілі - Сақтандырушымен Сақтандырылуышыларға медициналық қызметтердің әртүрлі түрлерін үйімдастыруға және ұсынуға шарт жасасқан занды тұлға.
- 1.19. Медициналық көрсетілімдер - Ауруды диагностикалау және емдеу үшін белгілі бір медициналық қызмет алудың обьективті себептері мен шарттары.
- 1.20. Шұғыл көрсетілімдер - Сақтандырылуышының сақтандыру қорғауы кезеңінде алғаш рет пайда болған кенеттен және күтпеген аурудан туындаған Сақтандырылуышының өміріне қауіп төндіретін Сақтандырылуышының денсаулығының нашарлауы. Егер сақтандыру бағдарламасында өзгеше көзделмесе шұғыл медициналық көрсетілімдер (жай-күйлер) мыналар болып табылады:
- 1) ауырсыну белгілері;
 - 2) күйік және жарақат;
 - 3) есенгіреу күйлері;
 - 4) құрысу, есін жоғалту, тұншығу;
 - 5) қан қысымының өзгеру белгілері;
 - 6) қан кету;
 - 7) жедел аллергиялық реакциялар (Квинке ісінуі, Лайелл синдромы, Стивенс-Джонс синдромы, жедел есекжем).
- 1.21. Медициналық көрсетілімдер – шұғыл медициналық көмекті қажет етпейтін ауруларды диагностикалау және / немесе емдеу қажет медициналық көрсетілімдер (осы баптың 4-тармағында шұғыл белгілер ретінде көрсетілмеген жағдайлар).
- 1.22. Сақтандыру полисі – Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушыға берілетін Сақтандыру ережелеріне қосылу шарты (қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда).
- 1.23. Сақтандыру аймағы – Қазақстан Республикасының немесе сақтандыру жүзеге асырылатын басқа елдердің аумағы.
- 1.24. Ауруларды диагностикалау және / немесе емдеу бойынша стандарттар мен хаттамалар – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органы бекіткен құжат.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

- 2.1. Сақтанушының (Сақтандырылушиның) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін медициналық көмек алу шығындарының туындау қаупімен байланысты мүліктік мұдделері ауыру жағдайына ерікті сақтандыру обьектісі болып табылады..

3. САҚТАНДЫРЫЛУШЫ ТҮЛҒАЛАР

- 3.1. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, 1 жастан 65 жасқа дейінгі жеке түлғалар Сақтандырылуши бола алады.
- 3.2. Сақтандыру шарты жасалған күніне келесі тармақтарға сай келетін түлғалар сақтандырылмайды:
- 1) кез келген ауру бойынша I – II топтағы мүгедектер, мүгедек бала санатындағы балалар;
 - 2) наркологиялық, психоневрологиялық, туберкулезге қарсы, тері-венерологиялық диспансерлерде есепте тұрған адамдар;
 - 3) сақтандыру шартын жасасқан кезде ауруханаға кез-келген аурумен жатқызылған;
 - 4) сақтандыру шартын жасау күніне келесі аурулар бар:
 - АИТВ (ЖИТС);
 - қатерлі, оның ішінде онкогематологиялық ісіктер.
- 3.3. Осы баптың 3.2 тармағында айтылған ауруларды емдеу бойынша шығыстарды Сақтандырушы өтемейді.
- 3.4. Сақтанушы (Сақтандырылуши) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырышуның сақтандыру шартын жасасу кезінде осы баптың 3.2-тармағында көрсетілген жай-күйлерінің және/немесе бұрын диагноз қойылған аурулардың болуы туралы ақпаратты жасау фактың анықтаған кезде Сақтандырушының осындай адамдарға қатысты жасалған Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылды болады.

4. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ. САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

- 4.1. Жалпы сақтандыру сомасы (сақтандыру лимиті) – Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін жасауға міндеттенетін және сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін анықтауға негіз болатын Сақтандыру шартында айқындалған ақша сомасы.
- 4.2. Сақтандырышуның сақтандыру сомасы таңдалған Сақтандыру бағдарламасына сәйкес Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша жеке айқындалатын Сақтандыру шартының бүкіл қолданылу кезеңі үшін сақтандыру жағдайы немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары басталған кезде Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылады.
- 4.3. Сақтандыру сомасы Сақтандыру шартының талаптарына және таңдалған Сақтандыру бағдарламасының талаптарына сәйкес, барлық Сақтанушы үшін, сондай-ақ Сақтанушы үшін белгілі бір қызмет түрлері және/немесе аурулары үшін белгіленуі мүмкін.
- 4.4. Шарттың қолданылу кезеңінде тараптардың келісімі бойынша сақтандыру сомасы Сақтандыру шартына қосымша келісім жасау арқылы өзгертулуі мүмкін.

5. МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨРСЕТІЛІМДЕР

- 5.1. Медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектер, егер бұл медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектер Сақтандырылуышының ауруын диагностикалау және/немесе емдеу үшін қажет және жеткілікті болса, медициналық көрсетілімдерге сәйкес деп саналады.
- 5.2. Медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектер медициналық көрсеткіштерге сәйкес белгіленген болып саналмайды егер бұл медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектер:
 - 1) диагноз және/немесе ауруды емдеу үшін қолданыстағы стандарттар мен осындай ауруды диагностикалау және/немесе емдеу үшін хаттамаларға сәйкес емдеу қажет етілмейді;
 - 2) қолданыстағы стандарттар мен хаттамаларға сәйкес ауруды диагностикалау және/немесе емдеу үшін талап етілетіннен үлкен мөлшерде (қарқындылығы, саны немесе ұзақтығы бойынша) тағайындалады;
 - 3) эксперимент немесе ғылыми-зерттеу жұмысының аясында тағайындалған.
- 5.3. Сақтандыруши басқа ауруларды қосымша диагностикалауға және ілеспе немесе қосымша анықталған ауруларды емдеуге байланысты шығындарды, сондай-ақ жайлыштығы жоғары палаталарға орналастыру үшін қосымша шығындарды етемейді.

6.САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

- 6.1. Сақтандыру жағдайы - Сақтанушының Сақтандыру келісімшартының қолданылу кезеңінде медициналық қызметтерді жеткізуілерге медициналық көмек / дәрі-дәрмектер немесе Сақтандыру бағдарламасында көрсетілген қызметтерді алу туралы жүгінуіне себеп болатын Сақтандырылуышыда аурудың пайда болуы.
- 6.2. Келесі жағдайларда Сақтандырылуышының медициналық қызметке жүгінүі сақтандыру жағдайы болып табылмайды:
 - 1) сақтандыру шартында көзделмеген;
 - 2) Сақтандыруши өкілінің (Ассистанстың) алдын ала келісімінсіз, сақтандыруши өкілінің тізімінен тыс немесе сақтандыру бағдарламасында көзделмеген медициналық мекемелерде алынған;
 - 3) Сақтандырылуышының кез-келген көлік құралын алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық мастану күйінде басқарған кезде, сондай-ақ басқаруды алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық мас күйінде болған адамға тапсыру кезінде жарақат алуына байланысты;
 - 4) Сақтандырылған тұлғаның өзіне қасақана дене жарақатын келтіруіне, өзін-өзі қол жұмсау әрекеттеріне байланысты, Сақтандырылуыш үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттерімен осындай жағдайға жеткізілген жағдайларды қоспағанда.
- 6.3. Сақтандырылған тұлғаның медициналық қызметтерге жүгіні, оны алу қажеттілігі келесілер нәтижесінде туындағанда сақтандыру жағдайы деп танылмайды:
 - 1) ядролық жарылыстың, радиациялық немесе радиоактивті ластанудың салдары;
 - 2) өндірістегі және басқа объектілерде жаппай жоюға әкеп соққан авариялар;
 - 3) әскери операциялар, сондай-ақ маневрлар немесе басқа әскери шарапалар;
 - 4) азаматтық соғыс, кез-келген халықтық тәртіпсіздіктер мен ереуілдер, әскери және азаматтық органдардың бүйріғымен төтенше жағдай немесе ерекше жағдай енгізу;
 - 5) табиғи апаттар (су тасқыны, өрт, жер сілкінісі және басқа табиғи апаттар).
- 6.4. Ауыру жағдайына ерікті сақтандыру шарты Сақтандыру бағдарламасы бойынша жасалады, ол Бағдарлама сақтандырудың нақты жағдайларын, Сақтандыру жағдайының негізгі белгілерін және Сақтандыру шарты бойынша сақтандырудың

барлық мөлшерін (сақтандыру лимиттерін), сондай-ақ белгілі бір қызмет түрлері мен ауруларды қарастырады. Аталған сақтандыру бағдарламаларында Сақтандырылуышыға медициналық көмектің келесі түрлері ұсынылуы мүмкін:

- 1) амбулаториялық-емханалық көмек, үй көмегі;
 - 2) стационарлық медициналық көмек;
 - 3) жедел медициналық көмек;
 - 4) оналту және қалпына келтіру өмі;
 - 5) сондай ақ Сақтандыру бағдарламасына және Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес өзге де шығыстарды жабу немесе қызметтер көрсету.
- 6.5. Сақтандырушы ешқандай медициналық және өзге де қызметтердің, рәсімдердің, емдеудің немесе кеңес берудің нәтижесі немесе сапасы үшін жаупаты болмайды.
- 6.6. Сақтандырушы сақтандыру аумағында карантиндік іс шараларды өнгізу кезінде медициналық қызметтерді үақтылы алуға жаупаты болмайды.

7. САҚТАНДЫРУҒА ЖАТПАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

- 7.1. Егер сақтандыру бағдарламасында өзгеше көзделмесе, осы сақтандыру ережелерінің талаптарына сәйкес Аурұ және/немесе Сақтандыру жағдайы болып табылмайды:
- 1) «Денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторында емдеуге тыйым салынатын аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 14 қазандары № 526 бүйрүғында көрсетілген аурулар, сондай-ақ «Өлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп тәндіретін аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және өлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 367 бүйрүғында көрсетілген аурулар:
 - a) карантиндік инфекциялар: шешек, полиомиелит (жабайы полиовирусттан туындаған), адам тұмауы (жаңа кіші түрден туындаған), ауыр жедел респираторлық синдром (торс), тырысқақ, оба, сары безгегі, Ласса безгегі, Марбург вирусынан туындаған аурұ, Эбола вирусынан туындаған аурұ, Батыс Ніл безгегі, Денге безгегі, Рифт-валли безгегі (рифт анғарлары), менингококк инфекциясы;
 - b) аса қауіпті инфекциялар: АИТВ-инфекциясы (ЖИТС), Қырым геморрагиялық безгегі, бүйрек синдромы бар геморрагиялық безгек, алапес, құтыру, лептоспироз, листериоз, туберкулез, туляремия, бруцеллез, сібір жарасы, аусыл;
 - c) паразиттік аурулар: эхинококкоз, безгек;
 - d) ауа-тамшылы жұқпалар: дифтерия, көкжетел, қызылша, қызамық эпидемиялық паротит, дифтерия қоздырғыштарын тасымалдаушылық, тұа біткен қызамық жұқпасы (тұа біткен қызамық синдромы), гемофильді жұқпа, сіреспе;
 - e) жедел жұқпалы аурулар:
 - жедел вирустық гепатиттер, іш сүзегі және А, В, С паратифтері, сальмонеллездер, дизентерия, иерсиниоз, риккетсиоздар, кене вирустық энцефалиті.
 - f) эпидемия мен эпизодиялар, егер сақтандыру бағдарламасында өзгеше көзделмесе.
 - 2) Қазақстан Республикасының заң актілерінде, осы Сақтандыру ережелері мен Сақтандыру шартымен көзделген басқа да жағдайларда.
- 7.2. Сондай-ақ осы Ереженің шарттарына сәйкес Аурұ және/немесе Сақтандыру жағдайы болып табылмайды:
- 1) психикалық аурулар (оның ішінде табиғаты психикалық ауруларға байланысты туындаған жарақаттар мен соматикалық аурулар), эпилепсия;

- 2) наркологиялық аурулар (нашақорлық, уытқұмарлық, маскүнемдік);
- 3) жүйке жүйесі мен бұлшықеттердің тұқым қуалайтын дегенеративті аурулары (Паркинсон ауруы, Гентингтон хореясі, миастения, миопатия, Пьер-Мари тұқым қуалайтын мишиқ атаксиялары, Фридрайх ауруы, үдемелі бұлшықет дистрофиясы, невральды амиотрофия; гепато-церебральды дистрофия (Вильсон-Коновалов ауруы);
- 4) жүйке жүйесінің демиелинизациялық аурулары (Альцгеймер ауруы, шашыраңқы склероз, Девик ауруы, лейкоэнцефалопатия, Гиль-Барре синдромы, сирингомиелия, БАС – бүйірлік амиотрофиялық склероз); балалардың церебральды сал ауруы;
- 5) фенилкетонурия, муковисцидоз, туа біткен ихтиоз;
- 6) паразиттік және жұқпалы аурулар (гельминтер және буынаяқтылардан туындаған): аскаридоз, лямблиоз, анкилостомидоз, описторхоз, цестодоздар, демодекоздар, арахноздар, энтомоздар және т.б.;
- 7) миокард инфарктісінен кейінгі оңалту жағдайы;
- 8) бас ми қан айналуының бұзылуынан кейінгі оңалту жағдайы;
- 9) қатерсіз және қатерлі ісіктер, оның ішінде онкогематологиялық ісіктер, сарысулы ісіктер, полиптер, папилломалар, миомалар, кондиломалар, және т.б. және гиперпластикалық процестер (аденоидты өсулер, жатыр мойны эрозиясы, оның ішінде псевдоэрозия, лейкоплакия, эндометриоз және т.б.);
- 10) созылмалы тері аурулары: микоздар, псoriasis, нейродермит атопиялық дерматит, аллопеция, туа біткен ихтиоз, витилиго, безеу ауруы, сондай-ақ нозологияға қарамастан теміреткінің кез келген түрлері/нысандары;
- 11) микоздар, соңғы антибиотикотерапия салдарынан пайда болған микоздардан, сондай-ақ ауыз қуысының шырышты қабығынан, ЛОР-мүшелерден, өкпе микозынан, АІЖ кандидозынан басқа;
- 12) жыныстық жолмен берілетін аурулардың (ЖЖА) диагностикасы және емі (ИФТ, ПЦР және РИФ), оның ішінде: гонорея, мерез, шанкроид, шап гранулемасы, трихомониаз, хламидиоз, микоплазмоз, цитомегаловирустық инфекция, сыртқы жыныс ағзаларының ұшығы, уреаплазмоз, гарднереллез кандидоз және т.б.;
- 13) ішек аурулары: Крон ауруы, спецификалық емес жаралы колит, дисбактериоздар, целиакия, созылмалы энтерит және т.б.;
- 14) сүйек-бұлшықет жүйесінің ауруларын диагностикалау және емдеу (сколиоздар, кифоздар, лордоздар, жалпақ табандық остеопороз, өкше сүйек сүйелі, дисплазия, созылмалы остеомиелит және т.б.);
- 15) остеохондроздарды стационарлық емдеу;
- 16) көз және қабақ аурулары: миопия, астигматизм, гиперметропия, катаракта, глаукома, ретинопатия, халазион, аккомодация спазмы, тор қабығы ажырауы түріндегі көз жарақатының алыс салдары, қабақты массаж және көз алмасының биостимуляциясы бойынша қызметтер. Көздің көруін хирургиялық түзетуге, оның ішінде лазерді қолдануға байланысты шығыстар, офтальмологияда аппараттық-бағдарламалық кешендерді пайдалануға байланысты манипуляциялар;
- 17) пластикалық реконструктивтік (қалпына келтіру) операцияларға байланысты медициналық шығыстар; косметологиялық емдеу және косметикалық және емдеу мақсаттарымен ринопластиканы қоса алғанда, сыртқы келбеті немесе дене кемістіктерін жоюға байланысты емдеудің басқа да түрлері; салмақ пен фигураны түзетуге байланысты медициналық шығыстар; жынысты хирургиялық өзгертуге байланысты шығыстар және т.б.;
- 18) тамақтану бұзылуының және метаболизмнің бұзылуын диагностикалау және емдеу: семіздік, несепқышқыл диатез, құян, дистрофия және т.б.;

- 19) эндокриндік аурулардың диагностикасы және емдеу: қалқанша безінің аурулары, оның ішінде гипотиреоз, гипертиреоз, эндемиялық жемсау және олардың салдары (эндокринологиялық алғашқы консультациясын және диагноз қойғанға дейін бір реттік зерттеулерді қоспағанда); глюкозаға төзімділіктің бұзылу синдромы, I - II типті қант диабеті, қант диабеті, Аддисон ауруы, созылмалы гипокортицизм,
- 20) ревматикалық ауруларға жататын аурулар: жүйелі қызыл жегі, түйінді периартериит, жүйелі склеродермия, дерматомиозит, Бехтерев ауруы, Шагрен ауруы, полиоостеоартроз, спондилез, ревматоидтық артрит; полиартрит, ДОА (деформациялайтын остеоартроз) ревматизм, жүйелі васкулит, микрокристалды артрит (мысалы, құян) және Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымның ревматикалық ауруларының жұмыс жіктемесіне сәйкес ревматикалық ауруларға жататын өзге де аурулар;
- 21) аутоиммунды аурулар (АИТ (Хасимото ауруы), АИГ (гепатит), АИ қан аурулары және т.б.);
- 22) несеп-жыныс жүйесінің аурулары: бүйрек және аналық без поликистозы; созылмалы гломерулонефрит, созылмалы бүйрек жетіспеушілігі, бүйрек амилоидозы, нефрангиосклероз, субүйрек, бүйрек және несеп шығару жолдарының туа біткен даму аномалиялары, кез келген текті энурездер;
- 23) гинекологиялық ауруларды диагностикалау және емдеу, егер Сақтандыру шартында өгеше көзделмесе;
- 24) простатиттерді диагностикалау және емдеу, қыықасты безі аденонасы, урологиялық массаж;
- 25) бедеулікті, етеккір циклінің бұзылуын, потенцияның бұзылуын, климаксты диагностикалау және емдеу, контрацепцияның барлық әдістері; генетикалық зерттеулерге және (немесе) отбасын жоспарлау жөніндегі басқа да қызметтерге байланысты медициналық шығыстар;
- 26) тыныс алу жүйесінің созылмалы аурулары: бронх демікпесі, бронхоэктатикалық ауру, ΘСОА (өкпенің созылмалы обструктивті ауруы), өкпенің эмфиземасы және тыныс алу жеткіліксіздігі бар өкпенің басқа да созылмалы аурулары;
- 27) қанайналым жеткіліксіздігі бар жүрек-тамыр жүйесінің созылмалы аурулары;
- 28) бауыр аурулары: бауыр циррозы, кез келген этиологиядағы созылмалы гепатиттер, стеатогепатоз (майлы гепатоз);
- 29) созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі және созылмалы бауыр жеткіліксіздігі, және гемодиализ сонымен қатар емдеудің басқа да электрокорпоральды әдістерін: плазмаферез және гемосорбция, қанның УКС, қанның лазерлік сөулеленуі (ҚКІЛС) жүргізуі қажет ететін органдар мен тіндердің басқа да аурулары;
- 30) орталық жүйке жүйесінің аурулары: ми қан айналымының бұзылуынан кейінгі жағдайлар және оның салдары;
- 31) қан тамырларының созылмалы аурулары: аяқ-қол көктамырларының варикозды кеңеюі, варикоцеле, тік ішек көктамырларының варикозды кеңеюі-хирургиялық емдеуді қажет ететін; аневризм, Такаясу ауруы (спецификалық емес аортартериит), Бюргер ауруы (тығындалушы тромбангиит), тығындалушы эндоартериит, тығындалушы атеросклероз, Вегенер синдромы;
- 32) Сақтандырылушкиның өміріне қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда, созылмалы ауруларды емдеуге байланысты медициналық шығыстар (шұғыл көрсетілімдер);
- 33) сақтандыру кезеңі басталғанға дейін туындаған созылмалы және басқа аурулар және олардың салдарлары, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе;

- 34) көрінетін түкым қуалайтын патологияларды (қортықтық, жедел жыныстық жетілу), түкым қуалайтын, гендік, хромосомдық ауруларды және туда біткен және жүре пайда болған даму ақауларын, БЦП диагностикасы және емдеу;
- 35) Юникап аппаратында диагностикамен байланысты медициналық шығыстар және аллергиялық созылмалы ауруларды емдеу, аллергодиагностика, аллергиялық ауруларды арнайы гипосенсибилизация әдісімен емдеу;
- 36) респираторлық аллергоздардың ремиссиясы кезеңінде қолданылатын терапиялық әдістер (мысалы: спецификалық гипосенсибилизация, гистаминотерапия және вегетотропты терапия әдістері);
- 37) аллергиялық аурулардың клиникалық-зертханалық ремиссиясы кезеңіндегі фармакопрепараттарды пайдалану, амбулаториялық және стационарлық емдеу, иммунограмма, ИФТ диагностикасы, физиотерапиялық емшаралар;
- 38) диагностика мен емдеудің дәстүрлі емес әдістері: ириодиагностика, аурикулодиагностика, су процедуralары, құрғақ және су асты созу, балшықпен емдеу, аутогемотерапия, гипербариялық оксигенация (ГБО), вакуумдық терапия, мануалды терапия, инемен емдеу рефлексотерапия, шөптермен емдеу, барокамерада емдеу, флойтинг-ваннылар, еңбек терапиясы, гирудотерапия, Фолль бойынша зерттеу, ИФС, биорезонанслық терапия, инеменорефлексотерапия, СТТ және т.б., гомеопатия, ішек суландыру және інжү т.б. ваннылары, хиджама;
- 39) ауруға байланысты медициналық айғақтар бойынша дәрігер тағайындаған немесе бір курстан артық жүргізетін массаж;
- 40) ағзаның жасқа байланысты дегенеративті өзгерістері;
- 41) түзету техникасын (көзілдірік, линзалар, протездік-ортопедиялық бұйымдар, есту аппараттары және т.б.) таңдау, сатып алу және жөндеу;
- 42) транспланттауды немесе имплантациялауды немесе протездеуді талап ететін органдар мен тіндердің аурулары, оның ішінде эндопротездеу, реконструктивтік операциялар, органдар мен тіндерді ауыстырып салу жөніндегі операциялар, сондай-ақ осындағы операциялардың салдары;
- 43) коронароангиографияны жүргізуге байланысты медициналық шығыстар, сондай-ақ жүрекке хирургиялық араласулар (аорто-коронарлық шунттау, стенттеу, ЖЫЖ және т.б. орнату);
- 44) жүктілікті және босануды жүргізуге байланысты консультациялар және зертханалық-аспаптық тексерулердің барлық әдістері;
- 45) Сақтандырылышының өміріне тікелей қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда, жүктілікті үзуге байланысты, стерилдеу жүргізуге байланысты шығыстар (медициналық және дәрі-дәрмектік түсіктер). Осындағы іс-әрекеттердің салдары мен асқынулары;
- 46) 1 (бір) жасқа дейінгі баланы патронаждау, егер Сақтандыру бағдарламасында өзгеше көзделмесе;
- 47) егер еңбекке жарамсыздық парагы берілетін ата-ана және/немесе бала Сақтандырылыш болып табылмаса, бала күтімі бойынша еңбекке жарамсыздық парактарын беру, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе;
- 48) репродуктивтік функцияға жауап беретін қанның жыныстық гормондарының деңгейін айқындау мақсатында ИФТ, ПТР және ИФР диагностикалық әдістерімен байланысты медициналық шығыстар;
- 49) компьютерлік томография (КТ), магниттік-резонанслық томография (МРТ, ЯМРТ) әдістерімен диагностикалық тексерулерге байланысты медициналық шығыстар, егер бұл Сақтандыру шартымен көзделмесе;
- 50) протездеу, ортопедияға дайындау, косметология бойынша стоматологиялық шығыстар (ағарту, тіс шөгінділерін тазалау және алу), ортодонтия, егер сақтандыру бағдарламасында өзгеше көзделмесе;

- 51) психолог пен психотерапевт қызметтеріне байланысты медициналық шығыстар;
- 52) кәсіптік аурулар (ағзага өндірістік ортаның қолайсыз факторларының әсері нәтижесінде пайда болған аурулар);
- 53) соғыс қимылдарының немесе Сақтандырылушының қоғамдық тәртіпсіздікке, ереуілдерге, түрлі халық толқуларына, дүлей зілзаларала тікелей қатысуының нәтижесі болып табылатын аурулар немесе жазатайым оқиғалар;
- 54) дәрігердің нұсқамасы бойынша алкогольдің немесе есірткі құралдары мен психотроптық заттардың жоғары және орташа концентрациясы бар дәрілік препараттарды тұтынуды қоспағанда, алкогольдік немесе есірткілік, психотроптық мастану салдары болып табылатын жарақат, ауру, денсаулық жағдайының нашарлауы;
- 55) қасақана дene жарақатын келтіру, соның ішінде өзіне-өзі қол жұмсауға оқталу;
- 56) кәсіби немесе әуесқой спортпен шұғылданудың нәтижесі болып табылатын аурулар немесе жарақаттар, оның ішінде альпинизм, спелеологиямен айналысу, ат жарыстарына, автожарыстарға, ұшу аппаратын басқаруға қатысу, түрлі сынақтарға қатысу;
- 57) айналасындағыларға жоғары қауіп төндіретін (жоғары қауіп көзі) адамдардың қызметінен келтірілген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес себептік зиянды өтеуге міндетті зиян;
- 58) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тартылатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге міндетті адамдар келтірген зиян;
- 59) жіті және созылмалы сәулелік ауру;
- 60) оқуға түсү үшін, мектепке дейінгі балалар және мектеп мекемелеріне, жұмысқа немесе әскери қызметке, спорттық іс-шараларға қатысу үшін, басқа мемлекетке кіруге рұқсат алу үшін, көлік құралын жүргізуғе, қару алып жүргүре рұқсат алу үшін, әскери қызметтен кейінге қалдыру немесе босату үшін, спорттық (сауықтыру) ұйымдарға баруға анықтама алу үшін медициналық комиссиядан (медициналық тексеруден) өтуге байланысты медициналық шығыстар;
- 61) профилактикалық және жоспарлы емі бар аурулар бойынша шығыстар;
- 62) аллергиялық ауруларды емдеуге байланысты және аллергодиагностикаға шығыстар;
- 63) профилактикалық, емдік көрсеткіштер үшін медициналық бұйымдарды сатып алу (маскалар, ингаляторлар, қызуөлшегіштер, бинттер, мақта, лейкопластырь, клизма және т.б.), сондай-ақ медициналық мақсаттағы дәрі-дәрмектік емес құралдарды сатып алу (кез келген көрсеткіштер бойынша шприцтер, системалар, көктамыр катетерлері, шұғыл көрсеткіштер бойынша қажетті пластиналар, біздер, бұрандалар, гипстен басқа);
- 64) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, осы Сақтандыру ережелерінде және Сақтандыру шартында көзделген өзге де жағдайлар.

- 7.3. Сақтандыру толтырылымына келесі медициналық препараттарды сатып алу енгізілмейді (сақтандыру жағдайы болып табылмайды):
- 1) контрацептивті препараттар (емдік көрсетілімдер бойынша тағайындалатын жағдайлардан басқа);
 - 2) поливитамиnder (көктамыр ішіне және бұлшықет ішіне қолдануға арналған дәрумендерден басқа);
 - 3) туберкулезді емдеу кезінде туберкулезге қарсы препараттар (антибиотиктер антибиотиктердің барлық басқа топтарына аллергия кезінде қолданылатын жағдайлардан басқа);

- 4) биологиялық белсенді қоспалар (ББҚ);
 - 5) гомеопатиялық препараттар;
 - 6) анорексантты дәрілер;
 - 7) косметикалық және гигиеналық құралдар;
 - 8) биологиялық стимуляторлар;
 - 9) энзимдер (ас қорыту ферменттерінен басқа);
 - 10) антидепрессанттар, ноотроптар.
- 7.4. Сақтандыру бағдарламасында осы баптың 7.1 және 7.2-тармақтарында көрсетілген кейбір ерекшеліктерді Сақтандыру өтеміне кері енгізу көзделуі мүмкін немесе Сақтандыру өтемінен қосымша ерекшеліктер көзделуі мүмкін. Осы тармақ тараптардың қағаз тасығышта жазбаша нысанда сақтандыру шартын жасасу және оған қол қою жағдайларына қолданылады.
- 7.5. Сақтандыру бойынша шектеулер Ережелердің 3-бабының 3.2-тармағында көрсетілген.

8. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ, ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

- 8.1. Сақтандыру сомасы – Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыруға өзі қабылдаған міндettеме үшін төлеуге міндettі ақша сомасы.
- 8.2. Сақтандыру жарнасы – сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу кезінде - Сақтанушы төлейтін сақтандыру сыйлықақысының бөлігі.
- 8.3. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы таңдаған Сақтандыру бағдарламаларына, сақтандыру сомасы мен сақтандыру мерзімдеріне байланысты болады.
- 8.4. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы Сақтандыру шартын жасасу кезінде немесе бөліп төлеу кезінде (сақтандыру жарналарын төлеу) бүкіл сақтандыру мерзімі үшін біржолғы төлеммен төлейді. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі сақтандыру шартында айқындалады.
- 8.5. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтандырушы немесе оның атынан басқа тұлға:
 - 1) қолма-қол ақшасыз төлемдер немесе
 - 2) тараптардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған өзге тәсілмен арқылы төлей алады.

9. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ: ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ, ЖАСАСУ ТӘРТІБІ,ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

- 9.1. Егер сақтандыру шартында (сақтандыру полисы) өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты 12 айдан аспайтын мерзімге Қазақстан Республикасының аумағында жасалады.
- 9.2. Сақтанушы Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша Сақтандырылуышылардың тізімін жасайды, ол сақтандыру шартына қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.
- 9.3. Сақтандырылуышының орнын Сақтандырушының келісімімен Сақтанушы алмастыруы мүмкін. Сақтандырушы аталған өзгерістерді алған сәтке дейін жасалған шарт сақтандыру полисі бойынша жеке тұлғаларды сақтандыру жағдайларын қоспағанда, бұрын ұсынылған тізімдерде көрсетілген Сақтандырылуышыларға қатысты күшін сақтайды.
- 9.4. Сақтандырушы Сақтандырылуышының белгіленген нысандағы медициналық сауалнаманы толтыруын сұратуға құқылды. Сақтанушы / Сақтандырылуышы медициналық сауалнама кезінде өзі хабарлаған мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін жауапты болады. Бұл ретте Сақтанушы Сақтандырылуышыны (Сақтандырылуышылар тізіміне енгізілетін адамды) осындаі қажеттілік туралы хабардар етуге міндettі. Жеке тұлғаларды сақтандыру кезінде медициналық сауалнаманы толтыру міндettі.

- 9.5. Сақтандырушының Сақтандырылуши көрсеткен деректердің дұрыстығын тексеруге құқығы бар. Егер Сақтанушы/Сақтандырылуши өзі туралы сақтандыру тәуекелінің дәрежесін бағалау үшін елеулі маңызы бар жағдан деректерді хабарлағаны анықталған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуді не Сақтанушыға Сақтандыру шартын жасасудан бас тартуды, ал егер шарт жасалған болса, онда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуды ұсынуы мүмкін.
- 9.6. Сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) Сақтанушы мен Сақтандырушы қол қойған бір құжатты ресімдеу арқылы жасалады.
- 9.7. Сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) төленгеннен кейін 7 жұмыс күні ішінде Сақтандырылыштардың тізімі ұсынылған жағдайда Сақтанушыға сақтандыру полисі бойынша жеке тұлғаларды сақтандыру жағдайларын қоспағанда, сақтандыру қағидалары мен сақтандыру бағдарламалары қоса берілген Медициналық пластикалық карточкалар (сақтандырылған тұлғалар саны бойынша) беріледі.
- 9.8. Сақтандырушы жоғарыда көрсетілген құжаттарды Сақтандырылған тұлғаларға өз бетінше (жеке өзі немесе сақтандыру делдалы арқылы) тапсыруға құқылы.
- 9.9. Сақтандыру шарты (сақтандыру полисі), егер онда өзгеше көзделмесе, сақтандыру сыйлықақысы Сақтандырушының банктік шотына толық түскен күннен кейінгі келесі күні құшіне енеді және Сақтандыру шартында (сақтандыру полисі) көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін әрекет етеді.
- 9.10. Сақтандыру шартында келісілген сақтандыру, егер бұл сақтандыру шартында (сақтандыру полисінде) көзделген болса, Сақтандыру шартында көрсетілген мерзімдерде Қазақстан Республикасының аумағында немесе басқа елдердің аумағында болған сақтандыру жағдайларына өз құшін таратады. Жеке тұлғаларды сақтандырудың ең төменгі мерзімі кемінде 7 күн, ең көбі - 12 айды құрайды.
- 9.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, Сақтандыру шарты келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
- 1) оның қолданылу мерзімі аяқталған;
 - 2) Сақтандырушының Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін толық көлемде орындауы (медициналық қызметтердің құнын сақтандыру сомасы көлемінде төлеу);
 - 3) егер Сақтандыру шарты бойынша бір ғана адам сақтандырылған болса және бұл сақтандыру жағдайы болып табылмаса, Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы;
 - 4) сот Сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдаса;
 - 5) Сақтандыру шарты тараптардың келісімі бойынша бұзылса;
 - 6) Сақтандыру шарты Сақтанушының бастамасы бойынша бұзылса;
 - 7) келесі жағдайларда Сақтандырушының бастамасы бойынша Сақтандыру шартының бұзылуы:
 - ✓ Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын (оның кезекті сақтандыру жарнасын) белгіленген мерзімде төлемеуі;
 - ✓ медициналық қызметтер құнының үлғаюы туралы хабардар етілген Сақтанушының Шарт талаптарының өзгеруінен немесе Сақтандырушының талабы бойынша сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуден бас тартуы;
 - ✓ сақтандыру шарты бойынша Медициналық қызметтерді алу мақсатында Сақтандырылған тұлғаның медициналық пластикалық карточканы басқа тұлғаға беру фактісін анықтау;
 - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында және сақтандыру шартында көзделген өзге де жағдайларда.

- 9.12. Сақтанушы Сақтандырушыны бұзудың болжамды қуніне дейін 3 (үш) жұмыс қуні бұрын жазбаша хабардар ету жолымен кез келген уақытта Сақтандыру шартынан (сақтандыру полисінен) бас тартуға құқылы.
- 9.13. ҚР АК 841-бабының 1-тармағында көзделген мән-жайлар бойынша сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушының сақтандыру қолданылған уақытқа барабар сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқығы бар, сондай-ақ Сақтандырушының, егер сақтандыру шартында өзгеше мөлшер белгіленбесе, істі жүргізуге арналған әкімшілік шығыстарды сақтандыру сыйлықақысының 25% мөлшерінде шегеруді жүзеге асыруға құқығы бар. Сақтандырушы таратылған кезде сақтандыру сыйлықақыларын (жарналарын) қайтару Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезектілігіне сәйкес жүзеге асырылады.
- 9.14. Сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) ҚР АК 841-бабының 1-тармағында көрсетілгеннен өзгеше мән-жайлар бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе бұзылған кезде, сондай-ақ Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда Сақтанушы Сақтандырушыға төлеген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.
- 9.15. Сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарының орындалмауынан туындаған жағдайларда, соғысы Сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйлықақысын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Сақтандырушының кінәсі анықталғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей толық қайтаруға міндетті.
- 9.16. Сақтанушы-жеке тұлға Сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, ол жасалған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде Сақтандырушы алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін шегергенде сақтандыру қолданылған уақытқа және сақтандыру шартын бұзуға байланысты алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) он пайызынан аспайтын шығындарға барабар көлемде Сақтанушы-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.
- 9.17. Егер сақтандыру төлемі Сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) бойынша жүргізілген болса, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу себептеріне қарамастан төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды.
- 9.18. Сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) Сақтандырушының Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін орындаған немесе тиісті дәрежеде орындаған жағдайда немесе Сақтандырушы қызмет түрінің біреуіне арналған лимиттен асып кеткен жағдайда, егер ол алынған медициналық қызметтерге ақы төлеуден бас тартқан жағдайда, Сақтандырушының өтініші бойынша бұзылуы мүмкін. Бұл жағдайда сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды.
- 9.19. Сақтанушының бастамасы бойынша Сақтандыру шартына өзгерістер Сақтандырушыға берілген жазбаша өтініш негізінде және сақтандырушының келісімі бойынша енгізіледі.
- 9.20. Осы Шартқа өзгерістер жазбаша түрде енгізіледі.
- 9.21. Сақтандыру шартын (сақтандыру полисін) жарамсыз деп танудың шарттары мен салдары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес қарастырылған.

10.ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫМЕН МЕН МІНДЕТТЕРІ

10.1. Сақтанушы (Сақтандырылуши) құқылы:

- 1) Сақтандыру ережелерімен танысу және олардың көшірмесін алуға, Сақтандыру ережелері, Сақтандыру шартының талаптары, Сақтандыру

бағдарламалары туралы, сондай-ақ Медициналық қызметтерді көрсету тәртібі және Медициналық қызмет көрсетудің уәкілетті провайдерлері туралы түсіндірмелер алуға;

- 2) Ауру туындаған кезде Медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру үшін Сақтандырушының өкілімен байланысуға;
- 3) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы туралы сотқа шағымдануға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;
- 5) Сақтандыру шартының талаптарын сақтауды бақылау;
- 6) Сақтандырушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы Сақтандырушылардың құрамы мен санын өзгерту. Бұл ретте Шартқа қосымша келісім жасалады және сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеу жүргізіледі;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және сақтандыру ережелерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

10.2. Сақтанушы (Сақтандырылушы) міндетті:

- 1) Сақтандыру шартын жасасқан кезде, Сақтандырушыға өзіне белгілі, сақтандыру тәуекелін бағалау үшін маңызы бар барлық жағдайлар туралы хабарлауға және Сақтандырушы Сақтандырушының өтінішіне (сауалнамасына) сәйкес сақтандыру шартын жасасуға.
- 2) Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіpte және мерзімде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
- 3) Сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Ереженің 13-бабының 1-тармағында белгіленген тәртіппен Сақтандырушыға хабарлауға;
- 4) Шарттың талаптарын, ауруды емдеу кезінде алынған емдеуші дәрігердің тағайындаулары мен нұсқамалары, сондай-ақ ауруханаға жатқызу жағдайында аурухананың режимі мен кестесін сақтауға. Осы талаптың орындалмауы осындағы тағайындаулар мен нұсқамалардың, режимнің және тәртіптің дәлелденген бұзылуынан туындаған сақтандыру оқиғалары үшін сақтандыру төлемінен бас тартуға негіз бола алады;
- 5) медициналық пластикалық карточканың сақталуын қамтамасыз етуге және мұндағы тұлғалардың сақтандыру шарты бойынша Медициналық қызметтерді алуы мақсатында оны басқа тұлғаларға бермеуге, осы факті анықталғаннан кейін дереу сақтандырушыға хабарлауға;
